

5 тақырып. Абай ақындығына орыс, Еуропа әдебиетінің ықпалы.

Абай және XIX ғасырдағы қазақтың жаңа жазба әдебиеті, қазақ әдебиетіндегі Еуропа, орыс үлгісі жайлы мәселе – абайтану ілімінің қалыптасу тарихында үнемі қозғалып, қарастырылып отырған мәселе.

Әлихан Бөкейханов Абайдың асқан ақындық қуатын қуана айтып, оның табиғат көрінісі түскен жыл мезгілдері жайлы жырларын Европаның атақты ақындарының туындыларының қатарына қосты.

Джордж Кеннан Абай өлеңдерінің Лермонтов поэзиясымен поэтикалық туыстығына, үндестігіне алғаш назар аударған сияқты.

1909 жылғы Абай шығармаларының алғашқы басылымына жазған Кәкітай Ысқақұлы Абай ақындығының арналарынан мәлімет берді.

Абайдың орыс, Батыс әдебиетінен алғаны, үйренген үлгісі жайлы таным абайтану ілімінің алғашқы негізгі қалана бастаған тұстан, күні-бүгінге шейін жалғасып отыр.

Абайдың танылуында, абайтанудың қалыптасуында “Қазақ” газетінің тарихи орны болды. Абай өлең сөздің неше түрлі үлгі, өрнегі барын, оларды ойдан шығармай, көпшілігін орыс әдебиетінен алғанын, орыс өлеңіндегі өрнектердің қазақ тіліне жарайтындығын ең алғаш Абайдың бастап көрсеткенін А.Байтұрсынов зор көсемдігіне балайды.

Абайдың қазақ тілінің қуатын көтеріп, құнарын арттырудағы шығармашылық өріс, алымына орыс, Еуропа әдебиеті мен мәдениетінің де зор ықпалы болды.

Абай қайсыбір тұста, әсіресе аударма шығармаларда орыс әдебиетінен сөз жасам үлгілерінен пайдаланды. Абай өлең құрылымында да орыстық, Еуропалық үлгіні жатсынбай, жаңаның басы болды.

Абайдың ойшылдық, сыншылдық алымында да орыс әдебиетінің әсер-ықпалы өлшеусіз. Осы орайда Абай поэзиясын мейілінше зерттеген теоретик ғалымдар мен абайтанушылардың түйін-тұжырымдары бұл тоқтамдарды бекітіп, шегелей түсетіндігін жаңа танымдардың қозғаушы күші болмақтығын айтқан жөн.

XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет түрі, стилі жағынан XIX ғасырға шейінгі және сол тұстағы дәстүрлі әдебиет үлгілерінен көп өзгешелік, ерекшелікпен қалыптасқан әдебиет болды. Сол үлгі, өзгешеліктің негізгі түрлері Абай шығармаларында туып, қалыптасты. Орыс, Еуропа үлгісі Абай шығармасының бар түрінде кездесетіні даусыз.

Нақтылы қандай түр, үлгі, үрдіс екендігі абайтанушы ғалымдар зерттеулерінде белгілі бір деңгейде ашылып, айқындалған. Бұл белгілер өлеңдегі ырғақ, буын өлшеуіне, сөз тіркесін құруға, ұйқас жөндеріне, т.т. қатысты жайлар.

